

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ырғыз аудандық білім бөлімі» ММ
МКҚҚ «Алақай» бөбекжай-бақшасы

**МКҚҚ «Алақай» бөбекжай-бақшасының
өзін-өзі аттестаттау қорытындысы**

Аманкөл ауылы, 2022 ж.

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Үрғыз ауданының білім бөлімі» ММ
«Алақай» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
өзін-өзі бағалау**

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Аманкөл ауылы

28 акпан 2022 жыл

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бүйрүгімен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және откізу жөніндегі нұсқаулық негізінде МКҚҚ «Алақай» бөбекжай-бақшасында өзін-өзі аттестаттау откізілді.
Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: КР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:



1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Үрғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Алақай» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны. Пайдалануға берілген жылы: 2010 жылы «01» қыркүйек айында Үрғыз ауданы әкімдігінің «12» маусым 2009 жылғы №116 қауалысының негізінде құрылды. Сыйымдылығы 25 орын.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Үрғыз ауданы, Аманкөл ауылы, Т.Жаманмұрынов көшесі, 12ғимарат

3) Зандытұлғаның байланыс деректері: 8-713-43-72-3-32, электронды поштасы alakai_b@bk.ru

4) Занды тұлға өкілінің байланыс деректері: Арықбаева Райса Танжанқызы, 2017 жылы 18 қыркүйек №01-189 Үрғыз ауданының білім бөлімінің бүйрүгімен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облыс бойынша филиалының Үрғыз ауданың

тіркеу және жер кадастры және тіркеу бөлімімен 12.01.2021 жылы берілген, БСН-100540005227, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 10.11.2010жыл.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2021 жылғы 23сәйр №KZ95VWF00039867 берілген хабарлама.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1)Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Алақай» бөбекжай - бақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Бөбекжай-бақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай – балабақшасы сыйымдылығы 25 орын. 1 топ. Казіргі таңда 25 бала тәрбиеленуде. 1-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар Зmezгіл тамақтандырылады. Балабақшага тәрбиеленушілер жолдама арқылы тіркеледі.

Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы

«Алақай» мектепке дейінгі ұйымында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына көніл бөледі.

Бөбекжай-бақшада Акт залы, сондай-ақ менгеруші кабинеті, дене шынықтыру кабинеті, медициналық кабинет, кітапхана, ұлттық кабинеті, психолог кабинеттері талапқа сай жабдықталған.

Психолог кабинеті




Медициналық кабинет



Музика залы



Ұлттық бөлме



Жатын бөлмесі



Оку бөлмесі





Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар 1, музика орталығымен топтар жабдықталған. Балабақшада 1 компьютер, 2 принтер, арестон 1, кварц 2, проектор аппараты бар. Топтар партада, отырғыш, кереует, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім саласы бойынша безендірілген.




Жеке тұлғаны дамыту орталығы:

- ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;
- жапсыру, сурет, құрастыру іс-әрекеттеріне қажетті құралдар;
- балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне қажетті спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған.
- Әр топта үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде. Шығармашылық қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатымен әр түрлі театrlар дайындалған. МДҰ- да және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндегі, ата-ана міндегі) көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 400 теңге. «Алақай» МДҰ Ақтөбе облысы әкімінің 29.03.2021 жылғы №92 қауалысына сәйкес келеді.

«Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы бойынша жұмыс жоспарының орындалуы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шенберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойыншаЕлбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашакқа бағдар» мақаласындағы бастамаларын қолдай отырып, оның идеяларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары жазылып, қырқүйек айында «Отан отбасынан басталады» атты ертенгілік, «Қазақ халқының салт дәстүрлері» атты сурет көрмесі, «Дені саудың-жаны сау» спорттық сайыс, «Мен өз елімнің патриотымын» атты ашық үйымдастырылған оқу қызметі, «Тәуелсіздік-тірегім» атты ертенгілік, «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты кітап көрмесі, «Менің Отбасым» атты тәрбие сағаты үйымдастырылып, әлеуметтік желілерге жарияланды.





Кадрлар әлеуетіне талдау

Қазіргі уақытта «Алақай» МДҰ-да барлығы 6 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі КР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі үйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі үйымда кадрлар тұрақты.

2021-2022 оку жылында барлығы 6 педагог жұмыс жасайды.

Оның ішінде жоғары білімдісі – педагог (33,3%)

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 2 (22,2%)

Аяқталмаған жоғары - 1

Арнаулы орта білімдісі – 3 педагог (50%)

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 5 (83,3%)

Жоғарғы санатты: - 0 (%)

2020-2021	6	4	-	-
2021-2022	6	1	-	-

Өткен оку жылында облыстық біліктілікті арттыру институтында қайта даярлау және біліктілікті арттырудың курстарынан педагог білім жетілдіру курстарынан өтпеді.

Соңғы 4 жылда кәсіби біліктілігін арттырган педагогтардың пайыздық көрсеткіші:

2017-2018 оку жылында-3 педагог (33%)

2018-2019 оку жылында-2 педагог (22%)

2019-2020 оку жылында-2 педагог (22%)

2020-2021 оку жылында-4 педагог (66%)

2021-2022 оку жылында-1 педагог (16%)

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады – бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдісегемелік әдебиеттерді оку, аудандық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу және аудандық, облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтырын баспадан шығарды.

«Алақай» мектепке дейінгі үйымында іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі үйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке күәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі үйымда кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі үйым ішілік марапаттаулармен қатар аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық марапаттарға ие.

2019 жылы менгеруші Р.Арықбаева Ақтөбе облысының білім басқармасының Алғыс хатымен мараппатталды.

Бөбекжай-бакша педагогтары түрлі тақырыптағы республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, жұмыстарын жариялауда.

- «Облыстық тамыз кенесі - 2020» облыстық жинағына мақала – 1 педагог
- «Республикалық журналы - 2021» мақала – 1 педагог
- «Ұлы дала ұстазы - 2021» республикалық журналға мақала – 1 педагог
- Республикалық 45 минут газеті «Таңдаулы сабактар жинағына 2 мақала
- «Жыл тәрбиешісі» байқауы аудандық-4 педагог

Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық- психологиялық ахуал қалыптасқан.

шапшаңдылығына және әр түрлі құбылыс қызметі туралы басқа түрдегі ақпаратпен негізделеді. Жылдық жұмыстың жоспарын талдау соңғы 4 жыл ішінде педагогикалық кеңес хаттамасы, оку тәрбие процесін бақылау негізінде жұмыстың барлық құбылысы қаралды.

Шаруашылық менгерушісі Ш.Д. Құлжабаева 2010 жылдың қазан айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – орта. Іс қағаздарын жүргізуі талаптарға сай, іс-қағаздар номенклатурасы қалыптастырылған, менгерушімен бекітіліп, құрылтайшымен келісілген. Осы құжаттар негізінде төмендегі құжаттар қалыптастырылған.

Медбике – М. Суханова білімі арнаулы орта, Ақтөбе медицина училищесі бітірген, осы мекемеде еңбек өтілі 12 жыл

Медбикенің құжаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 09 шілдесіндегі № 23469 бүйрығы негізінде «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған.

Есепші – Г. Жансугірова Білімі – арнаулы орта. Ақтөбе ауыл шаруашылық колледжін бітірген-2000. «Алақай» МДҰ-да 2016 жылдың сәуір айынан жұмыс жасауда. Барлық құжаттарын уақытында жүргізеді. Мемориалдық кітап жүргізіледі, тігілген, нөмірленген. Ата-аналар жарнасының шоттары бар, айналым ведомосы бар, талаптарға сай жүргізіледі.

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Менгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Менгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бүйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы ахуалды қарым-қатынас қалыптастырылған.

Тәрбиеленушілердің контингенті

Мектепке дейінгі «Алақай» ұйымында жалпы тізім бойынша – 25 бала. Балалардың құрамы 1-5 жас аралығын қамтиды, барлығы 1 топ. Топтардағы балалар санының орташи тығыздығы - 25 бала. Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі.

Соңғы жылдардағы бала қатысымы:

2017 жыл - 64%

2018 жыл - 79%

2019 жыл – 80%

2020 жыл - 60%

2021 жыл – 74%

Тоқсан сайын және ай сайын балалардың қатысымы мен науқастануы есепке алынып көртіндыланып отырады. Ата-аналармен жасалған келісім шарттары бар. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу, балалар мен ата-құжаттарын тіркеу журналдары талапқа сай жүргізілген.

Оқу-әдістемелік жұмыстар

Бөбекжайдың алға қойған мақсаттарының бірі балалардың шығармашылық белсенділігін әр түрлі іс-әрекет түрінде дамыту, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға койған:

Сонымен қатар МДҮ тәрбиеленушілері республикалық, облыстық, халықаралық аудандық байқауларға қатысып, жүлдөлі орындар иеленді.

- «Мәңгілік ел жастары» Республикалық қоғамдық қорының Дипломы 2021 ж.;
- «Мәңгілік ел жастары» Республикалық қоғамдық қорының Дипломы 2021 ж.;
- «Данышпан» республикалық байқауынан 1 орындар 2021 ж.ж.;
- «Данышпан» республикалық байқауынан 1 орындар 2021 ж.ж.;
- «Үкілім-ай» халықаралық өнер байқауы II дәрежелі Диплом 2019 ж.;
- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының Мадақтамасы 2021 жыл
- «Тәуелсіздікке тарту» аудандық байқауы –2019 ж.;
- «Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойы» аудандық байқауынан III дәрежелі Диплом 2019 жыл
- «Қысқы пейзаж» халықаралық байқауы II дәрежелі диплом–2022 ж.;
- «Балдәурен-2020» байқауында III дәрежелі Диплом –2020 ж.;
- «Отбасы-жан шуағы» байқауы «Жас әнші» номинациясы –2020 ж.;
- «Алтын күз келді-бақшама »аудандық байқауы –2020 ж.;
- «Абай жаққан бір сәуле» байқауы Диплом II дәрежелі аудандық байқауы –2020 ж.;
- «Жарқыра Балапан» мәнерлеп оқу республикалық байқауы I ,II дәрежелі Дипломдар, 2021 жыл
- «Жарқыра Балапан» театр өнері республикалық байқауы I ,II дәрежелі Дипломдар, 2021 жыл

«Алақай» бөбекжай-бақшасының жылдық жоспарына сәйкес оқу жылы барысында 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподак және өндірістік отырыстарда қарастырылады. Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі –жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі ұйымда әр жылға оқу- тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтар мен тәрбиеленушілердің мониторингі жасалған.

МДҮ әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, өrt қауіпсіздігі ережелерін, балалардың өмірі мен деңсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Тоқсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

МДҮ әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік –басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестеге сай жұмыс жасайды. Әкімшілік –басқару қызметкерлер құрамы төмендегіше:

«Алақай» мектепке дейінгі ұйымын басқару қызметін Р.Т.Арықбаева атқарады. Педагогикалық енбек өтілі -16 жыл, I санатты педагог. Осы атаптас мекемеде 17.09.2017 жылдан бері жұмыс жасауда. Білімі – жоғары:

Қ.Жұбанов атындағы АМУ 2021 жыл, мамандығы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

Басқару қызметін талдауы басшы мен әкімшілікпен, педагогтар арасында өзара анықталған қарым-қатынаста аналитикалық жұмыс жүйесін түсінікпен орындалатынын көрсетеді. Басқару қызметі педагогикалық ұйымның

- Балалардың денсаулығы мен психологиялық ахуалын қамтамасыз ету;
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын құрайтын жалпы адамгершілік құндылықтарға баулу;
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс-әрекеттер барысында баланың бойын адамгершілік қарым-қатынасқа баули отырып, олардың талап-тілектерімен санасу, жана шырлық сезімдерін дамыту;
- Педагогтар мен ата-аналардың рухани-адамгершілік тұрғыда өсуіне жағдай жасау;
- Адамгершілік-рухани тұрғыда балаларды жан-жақты тәрбиелеу.
- Балалардың креативті ойлауды, шығармашылық қиялдың және танымдық қабілеттерін дамыту;

Коммуникативтік дағдырлары мен біліктіліктерін арттыру;

Осы алғынған міндеттемелер балалармен жүргізілетін оқыту-тәрбие жұмыстарында, оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

2017-2018 оку жылдарында негізгі оқу жоспарының мазмұны «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 5-бабының біші тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген 2016 жылғы 22-ші маусымындағы №391 бұйрығы негізінде бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспарын басшылыққа ала отырып балабақшаның оқу жоспары жасалды.

2017-2018 оқу жылдарында жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

I кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-72 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет» -18 сағатты құрады. Барлығы -396 сағат;

II кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36сағат; 2)

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат; Вариативтік компонент қазақ 2 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36 сағат; 2) «Мен кіммін» - 36 сағат;

2018-2019 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының» 2007 жылғы 27 шілдедегі 5-бабының біші тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13-мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген 2016 жылдың 22-маусымындағы №391 бұйрығы негізінде бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру және базалық оқу жоспары негізінде құрылды.

2018-2019 оқу жылдарында жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

I кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-72 сағат, «Таным»-90 сағат, «Шығармашылық»-108 сағат, «Әлеумет» -18 сағатты құрады. Барлығы -396 сағат;

II кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90 сағат, «Таным»-90сағ, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат; Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Ертегілер елінде» - 36 сағат; 2) «Ойна да ойла» - 36 сағат;

2019-2020 оку жылдарының оку жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бүйрүғы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бүйрүғымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №556 бүйрүғы, сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оку жылдарында білім процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хатын» негізге ала отырып құрылды.

2019-2020 оку жылдарының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

I кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

II кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Коммуникация»-90 сағат, «Таным»-90сағ, «Шығармашылық»-126 сағат, «Әлеумет» -18 сағат құрады. Барлығы -432 сағат; Вариативтік компонент 1 сағат: 1) «Би билейік дөңгелеп» - 36сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Коммуникация» - 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағат құрады. Барлығы – 612 сағат; Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Өнерлі он саусақ» - 36 сағат; 2) «Сиқырлы суретші» - 36 сағат;

2020 – 2021 оку жылдарының оку жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бүйрүғы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бүйрүғы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020 ж.), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 13.08.2020 ж. №345 бүйрүғы, «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепалды даярлық топтарында/сыныптарында тәрбие – білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оку жылдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хаты» негізге алғыншып құрылды.

2020-2021 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

Кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» – 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы – 496 сағат. Вариативтік компонент 1 сағат: «Би билейік дөңгелеп» - 36 сағат,

Ересек топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 432 сағат, Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Ойлан, шаттан, балақай» - 36 сағат, 2) «Таза ауадағы шынықтыру» - 36 сағат.

2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазанды №604 бүйріғы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бүйріғы, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бүйріғы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020 ж.), сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыйыптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік-нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

2021-2022 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ерте жас топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

Кіші топ: «Денсаулық»-108 сағат, «Қатынас»-36 сағат, «Таным»-72 сағат, «Шығармашылық»-108 сағатты құрады. Барлығы -324 сағат;

Ортаңғы топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» – 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы – 496 сағат, Вариативтік компонент 1 сағат: «Мен кімін» - 36 сағат,

Ересек топ: «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, барлығы – 432 сағат, Вариативтік компонент 2 сағат: 1) «Сиқырлы суретші» - 36 сағат, 2) «Әнерлі саусак» - 36 сағат.

Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқутәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге

асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Бебекжайпедагогтары мен психологи педагогтардың білімдері мен тәжірибелерін шындау мақсатында әр түрлі жұмыс түрлерін өткізуде. Олар: Бебекжай меңгерушісі Р.Арықбаева «Пара алу құрдымға бастар жол» бөбекжай қызметкерлеріне кеңес, бөбекжай-бақша психологи Г.Күмісбаева ұйымдастыруымен өткен «Жемқорлық - ғасыр дерті» тәрбиешілер арасында пікірталас, «Мемлекеттің мәртебесі-Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы, Әнұраны», атты дөңгелек үстелі «Ұжымдағы қарым-қатынас», «Дені саудың жаны сау» спорттық сайыс, «Кел танысайық» атты тренинг өткізілді. Тәрбиеші М.Омарованаң ұйымдастыруымен «Өртпен ойнама» төтенше жағдай қызметкерлерімен кездесу кеші Ж.Тұрымбетованың ұйымдастырумен «Мемлекеттік қызметтегі этикалық бақылау-сыбайлас жемқорлықтың алдын алу негізі» тақырыбында тәрбиеші арасында пікірталас жәнетәрбиеші Г.Жайманованаң «Жемқорлық індеп-жою міндеп» дөңгелек үстел, тәрбиеші А.Байұзаққызы «Сыбайлас жемқорлық жок ел өркендеуші ел» ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді.

Бөбекжайдың жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар: мамандар мен тәрбиешілердің ұйымдастыруымен «Біз болашақ жасұлан» сайысы, «Елі сүйген, елін сүйген- Елбасы», атты ертеңгілік, «Абайла, балақай», оқу қызметі, «Мен өз елімнің патриотымын», атты сурет байқауы, «Тәуелсіздік-тірегім» сурет көрмесі, «Қазақ халқының сал дәстүрлері» сурет көрмесі, «Денім сау болсын десен...» тәрбие сағаты, «Ана тілім-мақтандышым!» ертеңгілігі, «Біз рәміздерді құрметтейміз» іс-шарасы, «Өмірге риза болып алғыс айтту тәрбие сағаты, «Ана өмір шуағы» тәрбие сағаты, «Армысың әз Наурыз!» тәрбие сағаты, «Мен өз елімнің патриотымын» сурет көрмесі, «Біз болашақ жасұлан» жігіттер сайысы, «Тәуелсіздік тірегім» ертеңгілігі, «Ата заңым ардағым» ашық аспан астындағы көрме, «Бақыт-бұл...» асфальтқа сурет салу,» «Шын жүректен алғыс айтамын» чөлленж «Ұстаз ұлы есім» атты ертеңгілік,» «Қыс келді, алақай», ертеңгілік, «Көңілді күй» тренинг «Күз кереметтері» атты көрме, «Алтын күз келді, бақшама» ертеңгілігі, «Жақсы мен жаман» ертеңгілік, «Тәуелсіздік төрінде» сурет көрмесі, «Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері», «Табиғатты аялайық» ертеңгілігі, «Төрт түлік ырысым» ертеңгілігі, «Қош, балабақша!» ертеңгілігі, «Сәлем- сөздің анасы» ертеңгілігі, «Қарттарым-қазынам», «Балабақшамен қоштасу» мерекелік шаралары мен ертеңгіліктері ұйымдастырылды. Балалардың тілін, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған «Ерте, ерте, ертеде...» ертегі қойылымдары жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіледі.

Бөбекжай-бақшаның жылдық жоспарына сәйкес ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері балалардың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар: «Мениң сүйікті ойыншығым», «Күз кереметі», «Табиғат сыйы», «Сиқырлы бояулар», «Қыс кереметтері», «Ертегілер елінде», «Шуакты көктем», «Мейірімділікті табиғаттан үйренейік», «Мениң көңілді добым», т.б уақытылы өткізіліп тұрады.

Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сай өтіп тұрады. «Анам және мен» байқауы, «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» дөңгелек үстелі, «Толағай»

спорттық сайысы, «Қазактың ою-өрнектері» көрме, «Ана-өмірдің гүлі» сайысы, «Анаға қарап қыз өсер» чөллендік, «Әке мен бала» отбасылық сайысы.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға, «Ата – аналар комитетін сайлау», «Балалар біздің болашағымыз» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шараптар өткізіледі. Психологиялық кеңестер, тренингтер арқылы ата-анамен жұмыстар жүргізлді. «Балабақшаның ашық есік күні», «Ерте жастағы бала психологиясы» ата-аналарға кеңес, «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы, «Бала тәртібіндегі ата-ананың рөлі!» дөңгелек үстел, «Тәрбие тірегі- халық мұрасы» көрме, «Табигат бұрышындағы әдемі гүлдер» қол өнер сайысы, «Диагностикалық зерттеулер қортындысы» «Күз жомарт» көрмелер өткізіліп, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Бөбекжай тәрбиешілері баламен жұмыс жасау барысында әр түрлі әдістәсілдерді қолданып келеді. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындаі алу, қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологиялардың элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар кеңінен қолданылады. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері: «Алақан», «Саусақпен салу әдісі», «Күммен сурет салу», т.б. әдістерді қолдануда.

Мектепке дейінгі үйымының басқа мекемелермен өзара байланысы және қатынасы және балаларды тәрбиелеу, күту бойынша басқару кестеде көрсетілген.

«Алақай» бөбекжай-балабақшасы

Спорттықсауықтырубайланысы	Мәдени-тәрбиелікбайланыс
Т.Жаманмұрынов атындағы ЖБОМ	«Аманкөл» мәдениет үйі

Мектепке дейінгі үйымда сауықтыру-шынықтыру, эстетикалық, сөйлеу, ақыл-ой, танымдық дамуының белгілі жағдайлары жасалған.

Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған. Бұл іс-шаралар оку-тәрбие жұмыстарын тиімді үйимдастыруға, жылдық міндеттерді шешуге бағытталған. Театр түрлерін қолдану, балалардың логикалық қабілетін дамыту іс-әрекеттерінде инновациялық технологияларын ендіру және жетілдіру, тыңдау қабілетін, сөзді дыбыстық талдау машықтары, дұрыс әрі анық сөйлеу дағдыларын жетілдіру, балаларды әнгімелеге үйрету, отбасымен байланыс жасау, сауықтыру-шынықтыру іс-әрекеттерін дұрыс үйимдастыру сұрақтарына көп назар аударылады.

Оқу – тәрбие жұмысы

Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған:

«Денсаулық» білім саласы бойынша:

Балалардың өз бетінше қымыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне,баланың дene бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қымылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған, массажды төсөніштер түрлі пішіні, ойын материалдары бар.

Мәдени-гигиеналық әдептері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.

«Қатынас» білім саласы бойынша: Балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен, ертегі кейіпкерлерімен қамтамасыз етілген.

«Таным» білім саласы бойынша:

Әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары (мозайка, құрастырулар, пазл түрлері, геометриялық пішін түрлері, әр түрлі конструкторлар) және қоршаған орта мен табиғатты ересектермен бірлесе зерттеуге арналған табиғат бұрыштары жабдықталған.

«Шығармашылық» білім саласы бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музикалық аспаптармен, ертегі және әнгімелер тындауға арналаған дидактикалық ойындармен жабдықталған.

«Әлеумет» білім саласы бойынша:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ойындар, ыдыс-аяқтармен жабдықталған.

Балалардың білімін бағалау

Мектепке дейінгі үйымның басшылық қызметін Арықбаева Райса Танжанқызы атқарады. Жоғары педагогикалық білімі бар, I санатты педагог, педагогикалық өтілі-16 жыл, осы үйымда 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс жасайды. Менгеруші педагогикалық ұжымның жұмысын басқарады, медициналық, қызмет көрсету персоналдың жұмысын

ұйымдастырады., циклограммаларды, педагогикалық жұмысты талдау бойынша жадынамаларды қолданады.

Педагогикалық жұмысының мониторингі ұжымның қызметін бақылауга, ұжым алдында көптеген міндеттерді қарастыруға, бөлуге, өз көмекшілеріне міндеттерді жүктеуге, әріптестердің жұмыс тәжірибесін қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша басқару қызметінің сапасы артады.

Барлық педагогтардың, менгерушінің өзара іс-әрекетке қатысу дәптерлері бар, ұсыныстар мен пікірлер жазылып таныстырылған. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері әр жыл сайын жоспарланып өткізілген, материалдары жинақталған.

Балалардың біліктегі мен дағдылары дамуының 1 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген.

Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша:

№	Қорытынды денгейі	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
1	I деңгей	0%	0%	0 %	0%	16%
2	II деңгей	32%	27%	27,2%	32%	36%
3	III деңгей	68%	68%	72,7%	68%	72%

Ата-аналармен іс-шаралар жоспар бойынша жүргізіледі, барлық материалдар папкілерге жинақталған. Ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның жұмысына әр кез қатысады.

Мектепке дейінгі ұйым жұмысының негізгі бағыты - тәрбие процесін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Жылдық жұмыс жоспарын, педагогикалық кеңестердің хаттамаларын талдау, оқу-тәрбие процесін бақылау соңғы 4 жыл ішінде жұмыстың негізінде барлық бағыттарының қаралғанын көрсетті.

Нормативтік құжаттармен де тиісті жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі жиналыстарда, педкеңестерде, барлық қызметкерлерді КР Президентінің Жолдауымен, КР Занымен таныстырады.

Ұйымда іс-қағаздарын жүргізу жұмысы барлық талаптар бойынша жүзеге асырылады: еңбек кітапшалары, еңбек кітапшаларының қозғалысы туралы дәптер, балалардың, педагогтардың жеке іс-қағаздары, ата-аналармен келісім шарттар, бүйрықтар кітабы, өндірістік жиналыстардың хаттамалары, бақылау дәптерлері, инструктаж журналы т.б. жүргізіледі.

Басқару қызметінің жұмысына талдау жасай келе, педагогтардың шығармашылықпен жұмыс жасаудың ықпал ететінін, туындастырылған мәселелерді шешуге көмегін тигізетінін атап өтуге болады.

Ұсыныстар:

1. Педагогикалық құрамының сапасын одан әрі жақсарту мақсатында педагогтардың «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алушарына және жетілдіруіне жағдай жасау.
2. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткіштерінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күштейтілсін.

- 3.Барлық топтарда білім беру салаларының мазмұнына сай пәндік-дамытушы ортаны, табиғат бұрышын тірі табиғат иелерімен толықтыру.
- 4.Дене шынықтыру ҰОҚ-не қажетті жаңашыл спорттық құралдармен қамтамасыз ету.
- 5.Әдістемелік бөлме қазақша әдістемелік әдебиеттермен толықтырылсын.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымның басқару қызметі «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия «Алақай» мектепке дейінгі ұйымында өткен өзін-өзі аттестаттауды негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдады:

1. «Алақай» бөбекжай-бақшасы «мектепке дейінгі ұйым» мэртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

«Алақай» бөбекжай-бақшасы
менгерушісі:  Р.Т.Арықбаева

Комиссия мүшелері:

«Алақай» бөбекжай-
бақшасының психологі: Г.Ж.Күмісбаева

«Алақай» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі: М.С.Омарова

«Алақай» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі: Г.Т.Жайманова

«Алақай» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі: Ж.Н.Тұрымбетова

Хатшы:

А.Байұзаққызы